

Сабақтың мақсаты :

Оқушыларға барлық тіршілік процестерінің біртұтастығы , биосфера шегіндегі тіршіліктің сан қырлы процестері туралы білім беру. Биосфера туралы төменгі сыныптарда алған білімдерін кеңейте отырып, биосфера құрылымы туралы түсініктерін қалыптастыру.

Негізгі идеялар

Оқушыларға биосфера туралы жан-жақты білім бере отырып, олардың өз бетінше ізденушілігін арттыруға , сыни тұрғыдан ойлай білуге , топтық жұмыс жасауда жылдамдық шеберліктерін шыңдауды қалыптастыру

Керекті ресурстар :

Интерьбелсенді тақта , слайдтар , бағалау бетшесі , А- 4 қағазы, түлі бояулар

Күтілетін нәтиже :

Оқушылар биосфера туралы білімдерін толықтырып , биосфераның негізгі қасиеттері туралы , биосфераның әртүрлі ластану жолдары мен олардан сақтану , қорғану шаралары туралы біледі

Оқыту әдісі :

АКТ-ны қолдану , “Ойлаудың 6 қалпағы ” әдісі , топтық оқыту , диалогты оқыту , БЛУМ жүйесі

Сабақтың жүрісі : мұғалімнің әрекеті :

Оқушылармен сәлемдеседі , сыныпты топқа бөледі.

-Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады

Оқушылардың әрекеті : мұғаліммен сәлемдеседі, бір-біріне тілек тілейді , топқа бөлінеді.

Үй тапсырмасын тексеру : 1.« Қызығушылықты ояту »

топтық тапсырма беріп , салыстыру кестесін толтыруды ұсынады , оқушылар дұрыс жауаптарын анықтап , тұсына “ +” немесе “ -” белгісін қояды.

2. “Миға шабуыл ” сұрақтарына жауап беру :

Сәйкестендіріңіз : 1- топтың тапсырмасы

Агроценоз	Белгілері	Биогеоценоз
	1.табиғи сұрыпталу жүреді	
	2. Негізін табиғи өсімдіктер құрайды және қосымша мәдени өсімдіктер өсіріледі	
	3.Түрдің саналуандылығы төмен	
	4. Өзін-өзі реттеу дәрежесі төмен	
	5.Индустриалды технологияларды қолданау маңызды	
	6.Қосымша энергия көзін пайдалану	
	7.Тұрақтылық және өзін-өзі реттеу дәрежесі жоғары	
	8. Қолдан сұрыптау жүреді	
	9.Қосымша энергия көзі жоқ	
	10. Табиғи зат айналым бойынша жүзеге асады	
	11. Адамның араласуымен жүзеге асады.	
	12. Негізін табиғи өсімдіктер құрайды	

Сәйкестендіріңіз : 2- топтың тапсырмасы

Агроценоз	Белгілері	Биогеоценоз
	1.табиғи сұрыпталу жүреді	
	2. Негізін табиғи өсімдіктер құрайды және қосымша мәдени өсімдіктер өсіріледі	
	3.Түрдің саналуандылығы төмен	
	4. Өзін-өзі реттеу дәрежесі төмен	
	5.Индустриалды технология ларды қолданау маңызды	
	6.Қосымша энергия көзін пайдалану	
	7.Тұрақтылық және өзін-өзі реттеу дәрежесі жоғары	
	8. Қолдан сұрыптау жүреді	
	9.Қосымша энергия көзі жоқ	
	10. Табиғи зат айналым бойынша жүзеге асады	
	11. Адамның араласуымен жүзеге асады.	
	12. Негізін табиғи өсімдіктер құрайды	

2. “Миға шабуыл” сұрақтары:

- Топтың тапсырмасы :
- 1.Экожүйе дегеніміз не ? 2. Биогеоценоз терминін ғылымға енгізген орыс ғалымы ?
- 3. Ең үлкен табиғи жүйе ?
- 4.Агроценоз дегеніміз не ?
- 5. Экологиялық сукцессия процессі дегеніміз не ?
- 6.Продуценттер дегеніміз не ?
- 7. Редуценттер дегеніміз не ?
- 8. Биоценозды зерттейтін ғылым саласы қалай аталады ?
- 1.Агроценозға нелер жатады ?
- 2.Экожүйе терминін енгізген ғалым ?
- 3. Агроценоздың неше типі бар ?
- 4.Биоценоз дегеніміз не ?
- 5. Экожүйе өнімі дегеніміз не ?
- 6 . Биоценоз ұғымын енгізген неміс ғалымы ?
- 7. Консументтер дегеніміз не ?
- 8. Биоценоз құрылымы неден тұрады ?
-

Түсіну кезеңі :
(Неге? Неліктен? Себебі ?) Оқушылардың білімдерін кеңейту үшін
қойылады.

5 минут

Топқа тапсырмалар беріледі:

1-топ : Атмосфера

2-топ : Гидросфера

3-топ : Литосфера

4-топ. : Биосфера

I. Атмосфера тобының сұрақтары :

1. Атмосфера қабаты , оның химиялық құрамы
2. Атмосфера қандай қабаттардан тұрады ?
3. Тіршілік үшін атмосфералық ауаның маңызы
4. Атмосфераның қызметі
5. Атмосфераның түзілуі

II. Гидросфера тобына

1. Гидросфера қабаты қандай қабат ?
2. Гидросфераның құрамы
3. Гидросфера қабатында тіршіліктің таралуы
4. Мұхит түбіндегі тіршілік
5. Су көздерінің ластануы

Оқушылар берілген сұрақтар бойынша

оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасайды ,
өзара талдайды , жауап береді, топ
басшысы бағалап отырады.



3-топ : Литосфера тобының сұрақтары

- 1.Литосфера , оның қабаттары
- 2.Литосфера қабатының құрамы неден тұрады ?
3. Топырақ дегеніміз не ?
4. Топырақ –”тіршілік тірегі ” дегенге қалай түсінесіңіз ?
5. Литосфераның бүгінгі экологиялық жағдайы туралы не айтасыңыз ?

4- топ : Биосфера тобының сұрақтары :

- 1.Биосфера дегеніміз не , оның басты қасиеттері қандай ?
2. Биосфераның алуан түрлілігінің себебін қалай түсінесің ?
- 3 . Биологиялық өнімділік дегеніміз не ?
- 4 . Биомасса деген не ?
5. Биосфераның қай қабаттарында биологиялық өнімділік жоғары ?
6. Биосфераның тұрақтылығына қауіп төндіретін қандай жайттарды атар едің ?

Оқушылар берілген сұрақтар бойынша оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасайды , өзара талдайды , жауап береді, топ басшысы бағалап отырады.



Теориясы:Талдау кезеңі :

- 1.салыстыр
- 2.айырмашылығы неде ?
- 3.ұқсастығы неде ?
- 4.тақырыптың басты идеясын жаз

Оқушылар биосфера қабагтарын өзара салыстырып, олардың ұқсастығы мен ерекшелігі туралы талдау жасайды Тақырыптың басты идеясы неде ?

деген сұраққа :


Ұқсастығы .:

Ерекшелігі:

Салыстырыңыз :

1-топ :

Атмосфера	Литосфера
1	1
2	2
3	3
4	4
5	5
6	6



Оқушылар биосфера қабаттарын өзара салыстырып, олардың ұқсастығы мен ерекшелігі туралы талдау жасайды. Тақырыптың басты идеясы неде? деген сұраққа жауап береді :
Ұқсастығы :.
Ерекшелігі:

Салыстырыңыз :
2-топ :

Атмосфера	Гидросфера
1	1
2	2
3	3
4	4
5	5
6	6



Оқушылар биосфера қабаттарын өзара салыстырып, олардың ұқсастығы мен ерекшелігі туралы талдау жасайды
Тақырыптың басты идеясы неде ? деген сұраққа жауап береді:
Ұқсастығы :
Ерекшелігі:

Салыстырыңыз :
3-топ :

Литосфера	Гидросфера
1	1
2	2
3	3
4	4
5	5
6	6



Оқушылар биосфера қабаттарын өзара салыстырып, олардың ұқсастығы мен ерекшелігі туралы талдау жасайды
Тақырыптың басты идеясы неде ? деген сұраққа жауап береді :

Ұқсастығы :

Ерекшелігі :

Салыстырыңыз :

4-топ :

Атмосфера	Гидросфера	Литосфера
1	1	1
2	2	2
3	3	3
4	4	4
5	5	5



Қорытынды :Жинақтау кезеңі : 7 минут

Бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер ?

Де Бононың алты қалпағы :

- 1.ақ қалпақ-факт, цифр, мәліметтерді таза сақтау
- 2.қызыл қалпақ-ішкі сезім,эмоция
- 3.қара қалпақ-негативті ойлау ,күмәндану
- 4- сары қалпақ- жағымды және оңтайлы жағы мен қызықты мәлімет беру
- 5.Жасыл қалпақ- жаңа идеялар мен шығармашылық ойлар
6. көк қалпақ- жинақтау, ойларды тіркеу.

Оқушылар қалпақтың түсі бойынша сабақты қорытады , топ басшысы бағалайды.

Тест жұмысы

1- нұсқа

1. Жер ғаламшарының құрылысына жатпайды :

- А) индосфера Ә) тропосфера
Б) литосфера В) гидросфера

2. 1802 жылы тұңғыш рет биосфера тіршілігін енгізген

- А) Ч.Дарвин
Б) К.Линней
С) Ж.Б.Ламарк
Д) Р.Гук
Е) Э.Дарвин

3. Жердің ауа қабаты :

- А) атмосфера Ә) тропосфера
Б) литосфера В) гидросфера

4. Су түбінде бекініп тіршілік етеді :

- А) бентос Ә) планктон
Б) нектон В) нейстон

5. Атмосфераның жұқа қабаты :

- А) тропосфера
Ә) стратосфера
Б) озон
В) мезосфера

2- нұсқа

1. Биогеоценозды зерттейтін ғылым

- А) экология Ә) биоценодика
Б) биоценология В) фенология

2. Биосфераны жан-жақты зерттеген атақты орыс ғалымы :

- А) В.Н. Сукачев Ә) А.Н. Формозов
Б) М.С. Гиляров В) В.И. Вернадский

3. Продуценттер дегеніміз :

- А) бактериялар Ә) жасыл өсімдіктер
Б) жануарлар В) микроорганизмдер

4. Жер шарының 70,1 % алады :

- А) тропосфера Ә) атмосфера
Б) литосфера В) гидросфера

5. Суда қалқып тіршілік ететіндер :

- А) нектон Ә) бентос
Б) планктон В) нейстон

3- нұсқа :

1. Атмосфералық ауаның құрамындағы оттектің мөлшері :
А) 0,001% Ә) 79 %
Б) 2 % В) 21 %
2. Дайын органикалық затпен қоректенетін организмдер :
А) продуценттер Ә) консументтер
Б) редуценттер В) Автотрофтар
3. “Биоценоз” ұғымын ғылымға енгізген неміс ғалымы ?
А) Э. Геккель Ә) К. Мебиус
Б) С. Ю. Либих В) В.И. Вернадский
4. Биосфераның қатты қабаты -----деп аталады А)
Атмосфера Ә) тропосфера
Б) литосфера В) гидросфера
5. Тіршілік тараған Жердің беткі қабаты :
А) стратосфера
Ә) Литосфера
Б) биосфера
В) топырақ

4- нұсқа

1. Биосфераны жан-жақты зерттеген атақты орыс ғалымы :

- А) В.Н . Сукачае
- Ә) А.Н. Формозов
- Б) М.С. Гиляров
- В) В.И. Вернадский

2. Жер шарының 70,1 % алады :

- А) тропосфера
- Ә) атмосфера
- Б) литосфера
- В) гидросфера

3. Тіршілік пайда болған және тараған орта :

- А) су
- Ә) құрылық
- Б) топырақ
- В) тірі организмдер

4. Ыдыратушлар ----- деп аталады

- А) консументтер
- Ә) продуценттер
- Б) автотрофтылар
- В) редуценттер

5. Атмосфера қабаты ----- қабаттан тұрады :

- А) 1 Ә) 5 Б) 4 В) 3

5- нұсқа

Тіршіліктің ең жоғары деңгейі :

- А) тропосфера Ә) литосфера
Б) биосфера В) гидросфера

2. Атмосфераның қабаты :

- А) гидросфера Ә) стратосфера
Б) литосфера В) биосфера

3. Биологиялық өнімділік жоғары болады :

- А. Құрылықта шөл және шөлейтті аймақта
Ә. Суда өзен, көлде және теңіздерде
Б. Құрылықтың орманды алқаптарында
В. орманды және шөлейтті аймақтарда

4. Биосферада тіршілік пайда болды :

- А. 1-1,5 млрд. жыл бұрын
Ә. 1,5-2 млрд. жыл бұрын
Б. 2-5,5 млрд. жыл бұрын
В. 3-3,5 млрд. жыл бұрын

5. “Экожүйе” ұғымын ғылымға алғаш енгізген :

- А. Э. Геккель
Ә. К. Мебиус
Б. Ю. Либих
В. А. Тенсли



Практикасы : Бағалау :
(Сен қалай ойлайсың ?
Сен не істер едің ?)
2 минут

1. Биосфераның экологиялық зардап шегуінің себебі не ?
2. Биосфераның ластануына жол бермеу үшін сен не істей алар едің ?

Оқушыларды бағалау : 2 минут

Үйге тапсырма :

Кері байланыс :

Өте тартымды болған тұсы	Қызықты болғаны	Ұнамағаны